«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қалалық білім бөлімінің № 29 «Нұрсая» бөбекжай-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

№ 29 «Нұрсая» бөбекжай-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның өзіндік бағалау

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Атырау қаласы 2022 ж.

№ 29 «Нұрсая» бөбекжай-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның өзін-өзі бағалауы бойынша жұмыс жоспары

№	Бағалау мазмұны	Бағалау әдістері	Жауаптылар
1	Материалдық-техникалық базаны бағалау	Құжаттаманы бағалау	Мұғауова Б- комиссия төрайымы, меңгеруші
2	Тәрбие-оқу жұмысын бағалау	Құжаттаманы бағалау	Карабасова Гульбаршын Алиповна –комиссия мүшесі, педагог-модератор, әдіскер Бағыт Мирамгул Аманжолқызы- комиссия мүшесі, II санатты әдіскер.
3	МДҰ тәрбиеленушілері білімінің, икемділігінің жәнемашықтарының мониторингі	Тәрбиеленушілердің білімін диагностикалық құжаттарынбағалау	Курманова Гульмира Кабыловна- комиссия мүшесі, педагог-зерттеуші тәрбиеші
4	Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғаудыжәне денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру	Құжаттаманы бағалау	Мусина Гульжан Апанасқызы –комиссия мүшесі, I санатты тәрбиеші
5	"Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асырушеңберінде ұлттық салт- дәстүрлер мен рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру	Құжаттаманы бағалау	Шермаханова Маншук Алтынбайқызы- комиссия мүшесі, тәрбиеші
6	Тәрбиеленушілердің шеберлігімен дағдыларын айқындау	Сауалнама, ата-аналарға сауалнама жүргізу	Сарғойшина Н-комиссия мүшесі, педагог-модератор тәрбиеші

№29«Нұрсая»бөбекжай балабақшасының кезектен тыс педагогикалық кеңес жиналысының

№ 3 ХАТТАМАСЫ

Атырау қаласы17 ақпан 2022 жыл.

Жиналысқа қатысқандар саны: 43 педагог

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы»,Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі № 366 бұйрығымен,2021 жылғы 10 қыркүйек № 700 «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың»жалпы ережелерімен педагогикалық ұжымды таныстыру.

2.Ұжым арасынан бөбекжай-бақшасын өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жұмыстарын жүргізу үшін комиссия құрамын құру.

ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі Мұғауова Баян Орынбасарқызы «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың» 1 тарау Жалпы ережелерімен,2-тарау Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ұсынымдарымен,3-тарау Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын қорытындылау жөніндегі заңдылықтарымен педагогикалық ұжымды толық таныстырып өтті. Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауы жыл сайын жүргізіліп отырылатынын,бұл ретте білім алушыларды қорытынды аттестаттауды ескере отырып,бағаланатын кезең толық оқу жылы болып табылатынын баса айтып өтті.

Бөбекжай-бақшасының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жұмыстарын жүргізу үшін ұжым арасынан жеті(тақ) санынан тұратын комиссия құрамын сайлауға ұсыныс жасады.

СӨЙЛЕДІ:

1.Карабасова Гульбаршын Алиповна– әдіскер:

Бөбекжай-бақшасынының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жұмыстарының жүргізілу жөнінде Баян Орынбасарқызы толық түсіндіріп өтті деп есептеймін. Мен комиссия төрағасына Мұғауова Баян Орынбасарқызын,мүшесіне көп жылдан бері еңбек етіп келе жатырған

тәрбиеші, педагог-зерттеуші санаты бар Курманова Гульмира Кабыловна және бірінші санатты Мусина Гулжан Апанасқызын ұсынамын.

2. Бағыт Мирамгул Аманжолқызы– әдіскер. Мен ұжым үшін үлкен міндеттеме ала отырып,комиссия мүшесіне тәжірибесі мол әдіскер, «педагог-модератор» біліктілік санаты бар Карабасова Гульбаршын Алиповна мен тәрбиеші Шермаханова Маншук Алтынбайқызын ұсынамын.

3.Шермаханова Маншук Алтынбайқызы- Ұжым үшін үлкен сынақтан сүрінбей өтуге бәріміз бірдей атсалысуға шақырамын.Мен комиссия мүшесіне біліктілік санатты «педагог-модератор» Сарғойшина Нұрлыны және екінші ғимарат әдіскері Бағыт Мирамгул Аманжолқызын ұсынамын.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Ұсыныс бір ауыздан қабылданып Бөбекжай бақшасының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу комиссиясы төмендегі құрамда құрылды

1.Мұғауова Баян Орынбасарқызы-комиссия төрағасы,бөбекжай-бақшасының меңгерушісі.

2.Карабасова Гульбаршын Алиповна -комиссия мүшесі,әдіскер.

3.Бағыт Мирамгул Аманжолқызы- комиссия мүшесі, әдіскер.

4.Курманова Гульмира Кабыловна –комиссия мүшесі,тәрбиеші.

5.Мусина Гульжан Апанасқызы -комиссия мүшесі.

6.Сарғойшина Нұрлы Жұбанғалиқызы-комиссия мүшесі, тәрбиеші

7.Шермаханова Маншук Алтынбайқызы- комиссия мүшесі, хатшы

2.Бөбекжай-бақшасының өзін-өзі бағалауын жүргізуі бойынша нақты тапсырмалардың жоспары жасақталсын.

Жиналыс төрағасы Б.Мұғауова

Хатшысы М.Шермаханова

№29 «Нұрсая»бөбекжай -бақшасының кезектен тыс педагогикалық кеңес жиналысының

№ 4 ХАТТАМАСЫ

Атырау қаласы24 мамыр 2022 жыл.

Жиналысқа қатысқандар саны: 40 педагог.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Бөбекжай-бақшасының өзін-өзі бағалауын қорытындылау туралы

ТЫҢДАЛДЫ:

Бөбекжай-бақшасының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жұмыстарын жүргізу үшін ұжым арасынан жеті(тақ) санынан тұратын комиссия құрамы құрылды.

Комиссия құрамына ұйымның қызметін өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру кезіндегі жұмыс жоспары құрылып, нақты тапсырмалардың жоспары жасақталды. Мынандай бағалау мазмұнында материалдық -техникалық базаны бағалау, оқыту мен тәрбиелеу қызметін бағалау, тәрбиеленушілердің оқу жылы ішіндегі жетістіктеріне мониторинг (біліктер мен дағдылар диагностикасы) рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен рухани адамгершілік дағдыларды қалыптастыру, МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістік дамытушы орта құру, тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларын айқындауда жұмыстар қорытындыланды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мамандығы бойынша педагогтердің үлесі 59,3 %қамтылды. Интернет жылдамдығы 30Мб/с-тан астам «үздік» деген баға берілді. Тәрбиеленушілердің зияткерлік, көркемдік, шығармашылық конккурстар мен байқауларға қатысу нәтижелеріне «үздік» деген баға берілді.

МЖМБС-да үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір ұйымдастырылған оқу қызметімен білім саласы бойынша жас топтарының

игерілуге жататын білім,білік,дағды және құзірет көлемін игеруге «үздік» деген баға берілді.

Мектепалды даярлық тобының ата-аналарының сауалнама толтыруға 114 ата-ана қатысты.Сауалнама қорытындысы бойынша берілген дағдылар тізбесіне «келісемін» деп белгі қойғандар 36% көрсетті, « толығымен келісемін» деп 64% көрсетті, бұл қанағаттанудың жоғары деңгейін көрсетті деп есептеймін.

Бөбекжай-бақшасының өзіндік бағалаудан өту қорытындысы тұжырымдалып Атырау облысы білім саласында қамтамасыз ету департаментіне жолданып отыр.

Педагогтардың біліктілігін арттыруда «Педагог модератор», «Педагог сарапшы», «Педагог зерттеуші» біліктілік санаттарының үлесін арттыру керек. Ол үшін педагогикалық процесте оқытудың заманауи құралдарын және ақпараттық технологияларды қолдану, шығармашылық еңбекке деген құштарлықтарыңызды үнемі жетілдіріп отыру керек екенін баса айтамын.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1.Педагогтардың біліктілік санаттарының үлесін арттыру.

2.Педагогтарға шығармашылық жұмыспен айналысуды, педагогикалық шеберліктерін жетілдіруді, өздігінен білім алуды жандандыру міндеттелінсін.

Жиналыс төрайымы: Б.Мұғауова

Хатшысы М.Шермаханова

«АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
АТЫРАУ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«№29 «НҰРСАЯ»
БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ КАЗЕННОЕ
ПРЕДПРИЯТИЕ
«ЯСЛИ-САД №29 «НҰРСАЯ»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА
АТЫРАУ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

14.02.2022

ғырау қаласы

ПРИКАЗ

№ 34.

город Атыра

Бөбекжай-бақшасын өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын қйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы «2021 жылғы 10 қыркүйек №700 бұйрығын ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Бөбекжай бақшасын өзін-өзі бағалау комиссиясының мүшелері төмендегі құрамда бекітілсін.

1. Мұғауова Баян Орынбасарқызы комиссия төрағасы, бөбекжай-бақшасының меңгерушісі
2. Карабасова Гульбаршын Алиповна – комиссия мүшесі, бөбекжай-бақшасының әдіскері.
3. Бағыт Мейрамгул Аманжолқызы – комиссия мүшесі, бөбекжай-бақшасының әдіскері.
4. Курманова Гульмира Кабыловна комиссия мүшесі, тәрбиеші
5. Мусина Гульжан Апанасовна –комиссия мүшесі,тәрбиеші
6. Шермаханова Маншук Алтынбайқызы-
7. Саргойшина Нұрлы Жубангалиевна комиссия мүшесі, тәрбиеші

2. №29 «Нұрсая» бөбекжай-бақшасының өзін-өзі бағалау жұмыстары 2022 жылдың ақпан айы және мамыр айы аралығында жүргізілсін.

3. Бөбекжай-бақшасының өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша нақты тапсырмаларды орындау комиссия мүшелеріне тапсырылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалысын қадағалауды өзіме қалдырамын.

№29 «Нұрсая» бөбекжай-бақшасы директоры: Б.Мұғауова

Бұйрықпен таныстырылды:

Карабасова Г.А (Т.А.Ә.)/ _____ (қолы)
Бағыт М.А (Т.АӘ) / _____ (қолы)
Саргойшина Н.Ж (Т.А Ә.) / _____ (қолы
Мусина Г.А (Т.АӘ.) / _____ (қолы)
Курманова Г.К (Т.А.Ә.) / _____ (қолы)
Шермаханова М (Т.А Ә.) / _____ (қолы)

Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қалалық білім бөлімінің №29"Нұрсая" бөбекжай-бақшасы"коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының ақпараттық анықтамасы

Білім беру ұйымының толық атауы	«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қалалық білім бөлімінің №29«Нұрсая» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны
Заңды тұлғаның уәкілетті органымен тағайындалған басқарушы	Мұғауова Баян Орынбасарқызы
Білім беру ұйымының орналасқан жері	Атырау қаласы, Нұрсая ықшам ауданы, Елорда даңғылы, құрылыс-28, Елорда даңғылы- 26;
Заңды тұлғаның байланыс деректері	8(702) 398 99 43 nursaya.29@mail.ru , bayan.mugauova@mail.ru
Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері	Мұғауова Баян Орынбасарқызы 13.03.2015ж №51
Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары	Бастапқы тіркелген күні 13.03.2015 Қайта тіркелген күні 19.01.2021 Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2021 жыл 19 қаңтар «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Атырау облысы бойынша «Қазақстан Республикасы Атырау облысының әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 13.03.2013 ж
Рұқсат беру құжаттары	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтіңбасталғаны туралы 29.11.2021 ж. № KZ14RVK00037095 Медициналық қызметке лицензия 02.11.2018. 00940DR

Мекеме құжаттары және ішкі тәртіпті реттейтін құжаттар **№1 папкада** жалғанды.

Мектепке дейінгі ұйым туралы жалпы мәліметтер

№29 "Нұрсая" бөбекжай-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны бірінші ғимарат 2015 жылдың 1-ші маусым айынан бастап жұмыс жасап келеді. 280 орындық, 12 топқа арналған. 12 қазақ, тобы жұмыс жасайды. №29 "Нұрсая" бөбекжай-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны екінші ғимарат 2019 жылдың 3-ші желтоқсан айынан бастап жұмыс жасап келеді. 320 орындық, 16 топқа арналған, 16 қазақ тобы жұмыс жасайды. Жұмыс күні 5 күндік. Демалыс күндері: сенбі, жексенбі.. Бөбекжай бірінші ғимаратының жалпы ауданы 11461 шаршы метр, бірінші ғимаратының жалпы ауданы 17661 шаршы метр, оның ішінде келтірілген білім алушылар контингентінің біреуіне есептегенде бірінші ғимаратта-9,73 шаршы метр,екінші ғимаратта -15,5 шаршы метр. Әдістемелік кабинет 126/15,8 шаршы метр, топ бөлмелері 165,2/822,8 шаршы метр, балалардың шешіну бөлмесі 185,6/261,3 шаршы метр, дәретханалар 155,8/303,2 шаршы метр. Мекемеде іс-номенкулатурасына сәйкес балалар қозғалысы тіркелетін қозғалыс журналы, бұйрықтары, бұйрықтарын тіркеу журналы бар. Балалардың жеке іс-қағаздары тізімге сәйкес жиналған. Ата-аналармен келісім шарт жасақталып, ата-аналар шарттары тіркеу журналдарына тіркелген.Балабақшаның ең жақын әлеуметтік ортасы- Салық Зиманов атындағы жалпы білім беретін мектебі, №38 мектеп лицей, №40 орта мектебі және Салық Зиманов ескерткіші.

Балабақшаға іс жүзінде келетін бала саны

2021/2022 оқу жылы	2020/2021 оқу жылы	2019/2020 оқу жылы	2018/2019 оқу жылы	2017/2018 оқу жылы
629	304	385	443	539

Жылдар	Балабақшадағы балалар			Ұлтына қарай		
	Жалпы балалар саны	Ұл бала	Қыз бала	Қазақ	Орыс	Өзге ұлттар
2021-2022 оқу жылы	629	353	276		6	3
2020-2021 оқу жылы	304	156	148		7	5
2019-2020 оқу жылы	385	208	177		7	7
2018-2019оқу жылы	443	249	194		6	5
2017-2018оқу жылы	539	226	313		7	6

№	Үй-жайлардың түрі және мақсаты	Саны
1	Жастары бойынша топтар, олардың ішінде: • жатын бөлмелі топтар • жатын бөлмесіз топтар	28

2	Музыка залы	2
3	Психологтың кабинеті	2
4	Дене шынықтыру залы	2
5	Орыс тілі кабинеті	2
6	Дефектолог кабинеті	1
7	Логопед кабинеті	1
8	Меңгерушінің кабинеті	2
9	Әдістемелік кабинет	2
10	Медициналық кабинет	2
11	Қойма үй-жайлары	2
12	Ас блогы	2
13	Кір жуатын, үтіктейтін орын	2

№	Үй-жайлардың түрі және мақсаты	Саны
1	МДҰ алаңы (ш. м.): • жалпы – 2724,5/4976,8 • пайдалы – 1 балаға шаққанда – 9,73/15,5 Мақсаты: • ойынға арналған; • оқытуға арналған; • әкімшілік; • шаруашылық	Екі ғимарат
2	Жастары бойынша топтар, олардың ішінде: • жатын бөлмелі • жатын бөлмесіз топтар	12/48,0 16/49,5
3	Музыка залы	83,3 ш.м 48,9 ш.м
4	Денешынықтыру залы	57,3 ш.м 80,0 ш.м
5	Психолог	11,4ш.м 26,6 ш.м
6	Медициналық кабинет	37,4 ш.м 36,5ш.м
7	Әдістемелік кабинет	12,6 ш.м 15,8ш.м
8	Меңгерушінің кабинеті	14,4 ш.м 11,3ш.м

9	Ас блогы	110,2 ш.м 55,1ш.м
10	Кір жуатын, үтіктейтін орын	11,6 ш.м 36,5ш.м
11	Қойма үй-жайлары	5,8 ш.м 69,4ш.м

Көрсеткіштер атауы	**2022**	**2021**	**2020**	**2019**	**2018**	**2017**
Ұйымның шығыстары барлығы	173371	216440	158724	83983	67387	68664
еңбекақы	155700	197420	145804	73842	56410	53715
тамақтану	7251897,21	30031717,93	28079234,94	29421775,44	27194942,61	28447391,56
байланыс қызметі	1565	770	770	550	652	663
коммуналдық қызметтер	10720	7750	7750	4802	4888	4888
өзге де шығындар	5386	10500	4400	4789	5437	9398

Кәсіпорынның 2020-2025 жылдарға арналған Даму бағдарламасы жоспарланған, бағдарлама өзекті мәселе мектепке дейінгі мекеменің болашақ ең маңызды проблемаларын шешуге арналған. *(№1 папкада қосымша құжаттармен тіркелді)* Өрт сөндіру құралдарының паспорты бар, өрт болған жағдайда адамдарды және құнды заттарды құтқару жолдары көрсетілген. Сызба жоспары балабақша ғимаратының әр қабатына ілінген. Жарықтандыру орталықтандырылып, топ бөлмелеріне жарық қамтамасыз етілген. Кәріз жүйесі іске қосылған. Ауыз су орталықтандырылған. Балабақша ауласына көркейту-көгалдандыру жұмыстары жүргізілген. Аула темір шарбақпен толық қоршалған. Өртке қарсы инвентарьмен жабдықталған.Қауіпсіздік шараларын алдын алу мақсатында бөбекжай-бақшаға турникет орнатылды. Аулада ағаштар, сәндік теректер отырғызылған. Жаз мезгілінде балалар ойындары мен мерекелік шараларды ұйымдастыру мақсатында алаң жасалынған. Жалпы саны 113 бейне бақылау камерасы орнатылған оның 87 - іште, сыртқа 26 - қойылған. Сақталу мерзімі 30 күн. Кәсіпорынның «Террористік тұрғыдан осал обьектілердің терроризмге қарс қорғалу паспорты» жасақталып бекітілген. Жылына 1 рет оқу жаттығу жұмыстары жүргізіледі. Автоматты өрт дабыл қаққыштар жұмыс жасайды, апаттық (эвакуациялық) жарықтандыру белгілері орналасқан. Дабылқаққыштар мен бейне бақылау камераларының дұрыс жұмыс жасауына «BM SERVICE STROI» жеке кәсіпкерімен №4 келісім шарт 21.01.2022ж 55000.00 тенге қызмет көрсетуге келісім шартқа отырған. Аула жарықтандырылған, авариялық жағдайлар үшін дизелді генераторы жұмыс жасап тұр. Заманауи техникамен жабдықталған дербес жылу қазандығы жылумен қатар ыстық су беріп тұр. Аула аумағында балалардың әрбір жас топтары үшін 28 балалар ойына арналған көлеңке қалқалар, құм салғыштар, ойын құралдары орналасқан. Балабақша

учаскесіне кіру жолдары, көлікпен өту жолдары, шаруашылық құрылыстарға, қоқыс жинағыштарға арналған алаңдарға, санитариялық-аулалық қондырғыларға өтетін жолдар қатты жабынмен жабылған (тротуарлық плитка). Материалдық-техникалық базаны толықтыру №29 «Нұрсая» бөбекжай-бақшасының даму бағдарламасына сәйкес жүргізілуде.

2.Мектепке дейінгі ұйымның тәрбие-білім беру қызметінің сапасы

Бөбекжай-балабақшасының үлгілік оқу жоспарлары, білім беру салалары және ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесі және вариативтік компонентті қоса алғанда балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2012 жылғы 30 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сай негізделген.
(Үлгілік оқу жоспарына әр бес жылға түсіндірме: барлық топ саны оқыту тілдері бойынша, жас кезеңдері) әр бір жылдың оқу жоспары, ҰОҚ кестесі, күн тәртібі

№2 папка жалғанды.

2.1 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген(нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру, соның ішінде: перспективалық жоспар, циклограмма, педагогикалық кеңесте бекітілген өтпелі тақырып **№3 папкада жалғанды.**

Педагогтар вариативтік компонент әзірлеп іске асырды.

№	Вариативтік компонент	Атауы	Жас ерекшелігі тобы	Сағат саны аптасына	Сағат саны жылына
1	Мақсаты: балалардың коммуникативтік – тілдік дағдыларына оң көзқарасын қалыптастыру.	«Сиқырлы әріптер»	Мектепалды даярлық тобы	1сағат	36
2	Мақсаты: балалардың цифрлар мен сандар туралы түсінігін, қарапайым есептеу қызметідағдыларын қалыптастыру.	«Ойлан тап»	Мектепалды даярлық тобы	1сағат	36
3	Мақсаты: 5 жас балалардың би қимыл-әрекеттерін	«Биле-биле, балақай»	Мектепалды даярлық тобы	1сағат	36

	қалыптастыру				
4	Мақсаты: 4 жас балалардың би қимыл - әрекеттерін қалыптастыру.	«Биле-биле, балақай»	Ересек топ	1сағат	36
5	Мақсаты: 4 жас балалардың сурет салу, мүсіндеу, аппликация, бүктеу композициялар құрап, дағдыларын жетілдіру.	«Өнерлі екен он саусақ»	Ересек топ	1сағат	36
6	Мақсаты: балалардың тілдік дағдыларын мен театрландырылған ойындарға көзқарасын қалыптастыру.	«Ертегілер еліне саяхат»	Ортаңғы топ	1 сағат	36

Вариативтік компонент **№4 папкада** жалғанды.

Білім беру қызметін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асыру

Білім беру салалары бойынша оқу-тәрбие жұмысы. «Денсаулық» білім беру саласы. **Бөлімдері:** дене шынықтыру, қауіпсіз мінез-құлық негіздері.

Дене шынықтыру-сауықтыру жұмысы балалардың денсаулығын қорғау мен нығайтуға, өмірлік маңызы бар қимылтүрлерін қалыптастыруға, балалардың физикалық қасиеттері мен дербес белсенділігін дамытуға ықпал етті.

«Денсаулық» білім саласы бойынша дене тәрбиесі нұсқаушысы қызметіне еңбек өтілі 13 жыл, жоғары білімді мамандар Бисекешова Зульфия Серікқызы, еңбек өтілі 16 жыл Құбахаева Ақжамал Махмудқызы, еңбек өтілі 10 жыл Жумалиева Гулайна Бекболатқызы дәріс береді.

Балабақшада дене шынықтыру сауықтыру шараларының орындалуына жағдай жасалған. Арнаулы құрал-жабдықтармен жабдықталған дене тәрбиесі залы бар, желдетуге терезелері ашылады. Дене тәрбиесі нұсқаушыларының перспективалық жоспары мен циклограммалары талапқа сай, бекітілген. Нормаланған оқу жүктемесіне сәйкесті. Балалар «Денсаулық» білім беру саласы біліктері мен дағдыларын жас ерекшеліктеріне байланысты орындайды. Отбасы мен балабақша арасында бірлескен отбасылық спорттық шаралар ұйымдастырылып «Толағай» отбасылық сайыс, «Денсаулық күні» спорттық шаралар өткізілді. Ашық ұйымдасқан оқу қызметтерін ұйымдастырып, өзара тәжірибе алмасу мақсатында ҰОҚ қатысты жаттығулары, табан нүктелеріне арналған жаттығулар, жыл мезгілдеріне байланысты ойын сергіту жаттығулары жасалды. Түскі ұйқыдан тұрған кезде төсекте жатып орындалатын жаттығулар қолға алынған. Жаттығулар баланың дене бітімінің дұрыс қалыптасуына, қан айналымының жақсаруына, көз демалтуға, балалардың арқа, қол нүктелін оятуға арналған.

МДҰ-да балалардың денсаулығына, олардың үйлесімді өсуіне, дене және жүйке психикалық дамуына ерекше көңіл бөлінеді. Балалардың ерте жастан мәдени гигеналық машықтарды үйренуі, тазалыққа баулу жұмыстары қолға алынған. Көшеде, табиғат жағдайларында, төтенше жағдайларда қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға байланысты жолда жүру ережелері мен мәдени тәрбиеге баулу мақсатында шаралар ұйымдастырылған. Қалалық полиция қызметкерлері мен төтенше жағдайлар бөлімшесі қызметкерлерінің бірлесуімен ашық ҰОҚ, апталықтар өткізілді. Ата- аналарға «Балалар жолда сақ бол», «Жол ережесін білейік, аман-есен жүрейік», «Жол жүргіншілердің жолдан өту ережесін сақтау міндеті», «Сиқырлы жол белгілер» тақырыбымен кеңестер, ертеңгіліктер өткізілді. Балалар қызықты жағдаяттар жасап, қауіпсіздік шараларын үйренді. Балабақшада дені сау, заман талабына сай ұрпақ тәрбиелеуге жағдай жасалған.Балабақшада ата-аналарға жүктелген жауапгершілік белгілеу мақсатында кеңес беріліп отырады.Мысалы «Бағдаршам біздің досымыз», т.б кеңестер берілді.Мұндай іс-шаралар жол қауіпсіздігін сақтау,балалар жарақатын алдын-алу,бала өмірін сақтап қалуға мүмкіндік береді. Заманауи технологиялармен жабдықталған асхана блогі жұмыс жасайды.

Күн тәртібіне сәйкес балалар ауа райына қарай таңертеңгілік, кешкі серуен кезінде ауа райының ерекшеліктерін табиғат бұрыштарында белгілеп отырады. Жаз мезгілдерінде беседкада таза ауада, ҰОҚ ұйымдастыру, таза ауада көбірек серуендеу қолға алынған. Жиһаздар мен жабдықтар жарық көздеріне қатысты орналастырылған, балалардың өсу көрсеткішіне сай белгіленген, үшкір бұрыштары арнаулы жұмсақ бүккіштермен көмкерген.

Жазғы сауықтыру шараларының ұйымдастырылуы педагогикалық кеңесте қаралып сонымен қатар шаруашылық жұмыстар бойынша аулаға тазаланған құм төккізу, алаң

тазалығын сақтау, жаз мезгіліне байланысты қауіпсіздік шараларының нұсқаулықтары т.с.с.жоспар бойынша ұйымдастырылды. Жаз мезгіліне байланысты ата-аналарға, тәрбиешілерге кеңес беріліп «Іш аурудан сақтанайық», «Топырақпен ойнау кезіндегі қауіпсіздік», «Дені саудың – жаны сау» т.б. жасалған жұмыстар Whatsapp , Facebook, Instagram желілерінде жарияланды.Ата-аналар үшін «Денсаулық», бұрыштар ұйымдастырылды. Барлық топтарда спорттық ойындармен қимыл қозғалыс құралдары, секіру, тыныс алу және ертеңгілік гимнастикаға арналған бұрыштар жабдықталған. Ата-аналармен мектепкедейінгі шақта жиі кездесетін ауру түрлерімен жұқпалы аурулардың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары ақпараттық қабырға арқылы жүргізілген. Балалар денсаулығына байланысты ата-аналарға кеңестер өткізілген. Балаларды балабақшаға қабылдау жаз мезгілінде кезең кезеңмен өткізілген. Ата-аналар арасында жүргізілген сауалнама қортындысыбойынша балалардың әлеуметтік бейімделуі жеңіл өткен. Баланың балабақшаға бейімделуі бойынша ата-аналарға «Баланың балабақшаға бейімделуі» ата-аналарға кеңес берілді.

Балалармен сауықтыру және физикалық дамыту бойынша жұмыстарды ұйымдастыру үшін барлық қажетті құралдармен жабдықталған медициналық кабинет жұмыс жасайды. Топтық үй-жайларда ауаны иондау үшін бактерицидтік, хош иісті лампалармен жабдықталған. Ай сайын медициналық қызметкердің жоспарына сай балалар үшін емдеу-профилактикалық ем-шаралар мен сауықтырушылық ем-шаралар: фитонцидтермен (сарымсақ, пияз) сауықтыру, мұрынның ішіне оксалин майын жағу, үшінші тағамды дәрумендеу және т. с. с. жүргізіледі. Медициналық бөлменің қызмет атқаруға лицензиясы бар. Жалғанды 11-қосымша

Балалар өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында барлық қызметкерлер қауіпсіздік нұсқаулықтарымен таныстырылып,арнаулы журналдарға қол қойған.

Қорытынды. Балалардың ауруға шалдығушылығын төмендету.«Денсаулық» білім беру саласы бойынша тәрбие-білім беру процесінің мазмұны, жоспарлау, ұйымдастыру МЖБС сәйкес келеді.

«Қатынас» білім беру саласы

Бөлімдері: орыс тілі (қазақ тілінде оқытылатын топтарда), сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері.

Жыл бойы педагогтар мыналарға жеткілікті көңіл бөлді

- ауызекі сөйлеуді қалыптастыру, өмірдегі түрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын игеру, оқу мен жазудың алғы шарттарын қалыптастыру.
- салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі және байланыстырып сөйлеуді, мәнерлеп оқу мен мазмұндауды дамытуды, тілдің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеуді, белсенді сөздік қорын байытуды, тілдік нормаларды игеруді, мемлекеттік және орыс тілдеріне үйретуді т.с.

Барлық топтарда бала тілін дамытуға арналған ойын картотекалары, суреттер, ойыншықтар, кітаптар, театрланған ойындарды қолдану арқылы жұмысты барынша жоғары деңгейде құруға мүмкіндік беретін көрнекіліктер жеткілікті. Әр топта ертегілер бұрышы жасақталып, кітап бұрыштары жабдықталған .Ертегі кейіпкерлеріне арналған құралдар балаларға қол жетімді жерлерге орналасқан.

Жыл бойы балалардың көркем әдебиет пен тілін дамытуға ынтасы, көркем әдебиет пен драмалауға қызығушылығы байқалды. Бөбекжайдағы қазақ тілді ортаңғы, ересек топтарда – 0,5, мектепалды даярлық тобында -1 жүктememен орыс тілі маманы Нармагамбетова Лаззат Тажеденовна мен Раисова Анар дәріс береді. Мамандардың тәрбие-білім беру процесінің мазмұны, жоспарлау, ұйымдастыру МЖБС сәйкес келеді.

Қорытынды. «Қатынас» білім беру саласы бойынша тәрбие-білім беру процесінің мазмұны,

жоспарлау, ұйымдастыру МЖБС сәйкес келеді.

«Таным» білім беру саласы

Бөлімдері: математика негіздері, сенсорика, құрастыру, жаратылыстану.

Таным білім беру саласы кіріктіру және балалар әрекетінің түрлері (ойын, қимыл, дербес) арқылы іске асырылды. Жыл бойынажас ерекшеліктеріне байланысты балалар санау дағдыларын, геометриялық пішіндер туралы түсініктерді қалыптастыруды, кеңістікті және уақытты бағдарлауды; құрылыс, табиғи және қалдық материалдар мен конструктордың бөліктерінен құрастыруды; тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейтуді, креативтік ойлауды дамытуды қамтыды.

Топтарда бақылау және эксперименттеу машығын тәрбиелеу бағытында эксперименттік бұрыштар ұйымдастырылған. Балалардың қызығушылығымен берілген сұрақтарына орай «Судың қасиеті», «Ауа не үшін қажет», «Топырақты зерттеу», «Желдің бағыты», «Қазба байлықтармен танысу» т.с.с. қызықты эксперимент жүргізілген. Топтарда тәжірибеге қажетті жабдықтар жеткілікті мөлшерде: лупалар, құмсағаттар, орамалдар, сүзгілер, табиғи материал, шыршаның, қарағайдың бүршігі, қарбыздың, қауынның тұқымы, бұршақ және тағыда басқа. Балалар өсімдіктерге күтім жасайды. Күннің I жартысы мен II жартысында жоспараланатын серуен кезінде бақыланған табиғат ерекшеліктерін табиғат бұрыштарында белгілеп отырады. Балалар қажетті сенсорлық дағдыларды меңгерген. Сенсорлық тәрбиеге арналған қолдан жасалынған қызықты көрнекі құралдарды пайланау арқылы ойындар жинақталған. Тәрбиешілер балаларға жеңіл әрі қызықты етіп логикалық ойын түрлерін ұйымдастыра біледі. Ойындар баланың қызығушылығын арттырып ойын ұшқырлайды. Аудандық мұражаймен ескерткіштерге мақсатты серуен жасау арқылы туған өлкеге деген сүйіспеншілікті тәрбиелейді. Барлық топтардағы кітап бұрыштарында балалар жасына сәйкес әдістемелік оқулықтар, жануарлар мен өсімдіктер туралы кітаптар бар.

Жыл бойы экологиялық тақырып бойынша балалар мен ата-аналардың бірлескен «Күз сыйы», «Сурет», «Қыс қызықтары» үздік жұмыстарының көрмесі ұйымдастырылды. Сонымен бірге «Менің анам, әкем жақсы кісі», «Табиғат бұрышы» тақырыптарында жобалық ізденушілік-танымдық қызмет тәсілдері іске асырылады.

Танымдық дамыту бойынша жұмыс балалардың жас және тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылды.Бағдарлама талаптарына сәйкес топтарда пәндік-дамыту ортасы қалыптасты.

Қорытынды. Балаларды танымдық тәрбиелеу және білім беру жұмысы жеткілікті деңгейде жүргізілді. «Таным» білім беру саласы бойынша тәрбие-білім беру процесінің мазмұны, жоспарлау, ұйымдастыру МЖБС сәйкес келеді. Инновациялық технологияларды қолдануды жалғастыру, жұмыс сапасына қол жеткізу қажет етіледі.

«Шығармашылық» білім беру саласы

Бөлімдері: сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, музыка.

"Шығармашылық" білім беру саласы арқылы балаларды сурет салуға, мүсіндеу, жапсыру және өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын, командада жұмыс істей білуді, қоршаған ортаға эстетикалық қатынасты қалыптастыруды, өнер түрлері туралы қарапайым ұғымдарды, тәрбиеленушілердің дербес шығармашылық іс-әрекетін іске асырылды .

Балабақшада балаларды өнерге баулу мақсатында музыка жетекшілері қызметін педагог-модератор Сүндетова Венера мен Гумарова Құндыз жүргізеді. Музыканттар ҰОҚ музыкалық - дидактикалық ойындар, театрландыру элементтері, қазақ халық музыкалық аспаптары мен өзге халықтардың аспаптары қолданылды. Барлық музыкалық құрал-жабдықтармен жабдықталған музыкалық зал бар. Негізінен балалар ән айту машықтарын меңгерген. Балалар ҰОҚ музыкаға қуанышпен қатынасады. «Көңілді аспаптар» ансамблі құрылып жетекшісі Сүндетова Венера, шулы аспаптарды ойнайды. Сонымен бірге

музыканттар дәстүрден тыс шулы қағаздар, көңілді таяқтарды пайдаланып қызықты ҰОҚ өткізді. Күнтізбелік мерекелер ҚР Тұңғыш Президенті күніне ертеңгіліктер, ашық ҰОҚ, ҚР тәуелсіздік күні, «Берекелі Алтын күз!», «Төрлет, төрлет жаңа жыл», «Ана-өмірдің гүлі» Аналар мерекелері, Алғыс айту күні, «Ел қорғауға әзірміз» Жеңіс күні өткізілді, мұнда балалардың жарқын көңіл күйін қалыптастыру үшін тәрбиешілер қатысты. Ата-аналар ертеңгіліктерге шектеу шараларына сәйкес зум бағдарламасымен қатыстырылды.

Ертеңгіліктерге арналған декорациялар, балабақша үй-жайын безендіру тәрбиешілер мен балалар қызметінің нәтижесі болып табылады. Топтың қабылдау бөлмелеріне, балабақша файесіне балалар шығармашылығының түрлі көрмелерін орналастыру игі дәстүрге айналды. Бұл тәрбиеленушілердің эстетикалық талғамын дамыту міндетін шешуге мүмкіндік береді.

Қорытынды. Қаралған ҰОҚ, педагогикалық қызметі, балалардың өнімді қызметін мониторинг қорытындыларын талдаудан, балаларды шығармашылық дамыту жұмысының жеткілікті деңгейде жүргізілгенін байқауға болады. «Шығармашылық» білім беру саласы бойынша тәлім-білім беру процесінің мазмұны, жоспарлау, ұйымдастыру МДБС сәйкес келеді. ҰОҚ тәрбиешілер суретшілердің репродукцияларын аз қолданды. Балалардың сазбен жұмыс істеуіне көңіл бөлу керек.

«Әлеумет» білім беру саласы.

Бөлімдері: өзін-өзі тану, қоршаған ортамен танысу.

Бөбекжай-балабақшада адамгершілікті - ұлтжанды тәрбиелеу белсенді жүзеге асырылды. Балалардың бәрі Қазақстан Республикасының рәміздерімен танысты. Кіші топтан топтан бастап балалар Қазақстан әнұранын мемлекеттік тілде орындайды, кеуделеріне қолдарын қойып құрметпен қарауды біледі, тыңдайды. ҰОҚ, ойында, әңгімелесуде, балалардың шығармашылық қызметінде республиканың көп ұлттылығы, халықтар арасындағы достық туралы ертеңгіліктерде тақпақтарын айтып, би билеп, ұлттарға арналған киімдерді киіп құрметтеуге үйренген.

Өзін-өзі тану бойынша ҰОҚ туған қалаға, еліне деген сүйіспеншілікті тәрбиелеуге жеткілікті көңіл бөлінді. Тәрбиешілердің қызметі құрдастар арасындағы достық қарым-қатынасты, ролдік ойындары ойнай отырып балаларды отбасылық дәстүрлер мен құндылықтармен таныстырды, әрі қызықтырды. Балалар бір-бірімен араласу дағдыларын меңгерген, үлкендерге құрмет көрсетеді.

Кіші топтан бастап балаларды түрлі кәсіптермен және олардың атқарымдарымен таныстыру жүрді. Осы бағытта барлық топтарда «Отбасы», «Аурухана», «Сән салоны», «Дәріхана», «Дүкен» орталықтары ұйымдастырылған. Балалардың өзіне өзі қызмет көрсету дағдылары, еңбек тапсырмаларын, кезекшілікті орындау машықтары қалыптасты. Балалардың киімдерін шешіп, оларды жинау әдістеріне арналған балалар үшін шебер сыныптар көрсетіліп, баланың өзіне өзі қызмет етуіне үйретілген. Барлық жас топтарында жағдай жасалды: кезекшілік бұрыштары, өсімдіктерге күтім жасау бойынша табиғат, шаруашылық-тұрмыстық еңбек бұрыштарында сәйкес жабдықтар бар.

Қорытынды.Балаларды шығармашылық дамыту жұмысы жеткілікті деңгейде жүргізілді. «Әлеуметтік орта» білім беру саласы бойынша тәрбие-білім беру процесінің мазмұны, жоспарлау, ұйымдастыру МЖБС сәйкес келеді.

Тәрбиеленушілердің бастапқы мониторингі

Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру бойынша балалардың машықтары мен дағдыларының даму мониторингінің көрсеткіштері

Бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізілген (бастапқы қыркүйек айында, аралық-қаңтарда және қорытынды-мамыр айында). Нәтижесі 2017-2018 оқу жылы, 2018-2019 оқу жылы, 2020-2021оқу жылы,2021-2022 оқу жылы көрсеткіштері.

№29 «Нұрсая» бөбекжай –бақшасының Үлгілік бағдарламасы мазмұнын игеруі бойынша 2017-2018 оқу жылындағы даму мониторингінің нәтижелері

Кезең	Барлық топтар саны	Барлық бала саны	%
Бастапқы кезең	12 топ	349бала	47,7%
Аралық кезең	12топ	360 бала	55 %
Қорытынды кезең	12 топ	361 бала	83,3 %

№29 «Нұрсая» бөбекжай –бақшасының Үлгілік бағдарламасы мазмұнын игеруі бойынша 2018-2019 оқу жылындағы даму мониторингінің нәтижелері

Кезең	Барлық топтар саны	Барлық бала саны	%
Бастапқы кезең	12 топ	415бала	35,9%
Аралық кезең	12топ	440 бала	51,2 %
Қорытынды кезең	12 топ	437 бала	71,6 %

№29 «Нұрсая» бөбекжай –бақшасының 1-ғимарат Үлгілік бағдарламасы мазмұнын игеруі бойынша 2019-2020 оқу жылындағы даму мониторингінің нәтижелері

Кезең	Барлық топтар саны	Барлық бала саны	%
Бастапқы кезең	12 топ	380бала	45%
Аралық кезең	12топ	293 бала	71,8 %
Қорытынды кезең	12 топ	358 бала	99 %

№29 «Нұрсая» бөбекжай –бақшасының 2-ғимарат Үлгілік бағдарламасы мазмұнын игеруі бойынша 2019-2020 оқу жылындағы даму мониторингінің нәтижелері

Кезең	Барлық топтар саны	Барлық бала саны	%
Бастапқы кезең			
Аралық кезең	16 топ	332 бала	78,1 %
Қорытынды кезең	16 топ	332 бала	88,3 %

№29 «Нұрсая» бөбекжай –бақшасының Үлгілік бағдарламасы мазмұнын игеруі бойынша 2020-2021 оқу жылындағы даму мониторингінің нәтижелері

Кезең	Барлық топтар саны	Барлық бала саны	%
Бастапқы кезең	28топ	470 бала	31,9%
Аралық кезең	28 топ	750 бала	69,9 %
Қорытынды кезең	28 топ	714 бала	83,6 %

№29 «Нұрсая» бөбекжай –бақшасының 1 ғимарат Үлгілік бағдарламасы мазмұнын игеруі бойынша 2021-2022 оқу жылындағы даму мониторингінің нәтижелері

Кезең	Барлық топтар саны	Барлық бала саны	%
Бастапқы кезең	12 топ	273бала	30%
Аралық кезең	12топ	280 бала	69 %
Қорытынды кезең	12 топ	268 бала	98,5 %

№29 «Нұрсая» бөбекжай –бақшасының 2-ғимарат Үлгілік бағдарламасы мазмұнын игеруі бойынша 2021-2022 оқу жылындағы даму мониторингінің нәтижелері

Кезең	Барлық топтар саны	Барлық бала саны	%
Бастапқы кезең	16 топ	350 бала	24,7 %
Аралық кезең	16 топ	336 бала	57,8 %
Қорытынды кезең	16 топ	341 бала	73,9 %

Мониторинг Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігінің «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалақорталығы базасында әзірленген Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар негізінде жасалған. Негізгі білім беру салалары «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» бойынша білім, білік және дағдылардың қалыптасу деңгейін анықтау.

Қорытынды: Балалардың бақшаға қатынасын жақсарту

Мониторинг жалғанды **№5 папкада**

Педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру үшін кеңестер, семинарлар, педагогикалық кеңестер, ҰОҚ және режимдік сәттердің ашық көрсетілімдері ұйымдастырылды.Бақылау басшылық жұмыстары жылдық жоспар негізінде жоспарланып, жүргізіліп отырды. Қортындысы педагогикалық кеңестерде, әдістемелік отырыстарда қаралды.

Балабақшадағы шығармашылық топ отырысының жоспары бойынша «Мектепке дейінгі мекемелерде білім беру процесін жоспарлау барысында әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану», «Креативті идея алаңы», «Мектепке дейінгі ұйымда заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру» т.с.с тақырыппен қызметке жаңадан тұрған, тәжірибесі жоқ мамандар үшін пайдасы тиер өзекті мәселені қозғайтын тақырыптарда жұмыстар ұйымдастырылды.

Жыл соңында педагогтар қорытынды ашық оқу қызметтерін өткізіп, оқу қызметі талданып, кеңес берілді, іс-тәжірибе тарату қолға алынған. Педагогтар мектепке дейінгі тәрбие-оқыту саласында ұйымдастырылған түрлі аудан, облыс, республика көлеміндегі әдістемелік және мәдени - білім беру шараларына қатынасты.

Жылдық жоспарда бекітілгендей педагогикалық кеңестер, өндірістік жиналыс, семинарлар, ата-анамен жиналыс уақтылы өткізілген.

Педагогикалық кеңестер хаттамалары бойынша өткізілген педагогикалық кеңестер тақырыптары жоспарланған тақырыптармен сәйкес. Педагогикалық кеңесті жүргізу түрлері дәстүрлі және дәстүрден тыс (дөңгелек үстел, іскерлік ойын, квест, пікірталас) ұйымдастырылған. Педагогикалық кеңес мақсатын жүзеге асыру барысында жұмыс мазмұнына ашық сабақтар, көрме, сайыстар, семинарлар мен әдістемелік сағаттар, педагогикалық сауалнамалар жоспарланған.

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша машықтар мен дағдылардың дамуына мониторинг жүргізілді. Мектеп пен балабақша арасындағы сабақтастық жақсы жолға қойылған. Осы бағытта Салық Зиманов атындағы жалпы білім беретін мектебі, №38 мектеп лицей, №40 орта мектептермен тығыз байланыста жұмыс жасап келеді. Әр жыл сайын жаңа оқу жылының басында балабақша мен мектеп арасындағы байланыстың жоспары құрылды.

Жалғанды №6 папкада

«Рухани жаңғыру» бағдарламасые іске асыру шеңберінде ұлттық дәстүрлермен мен жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген рухани адамгершілік дағдыларды қалыптастыру

Әдістемелік жұмыстың бағыты әдістемелік кеңес арқылы жүзеге асырылып

отырады. Осы бағытта "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани- адамгершілік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған шаралар, апталықтар, саяхат, ұйымдастырылған оқу қызметтері өткізілді. Ы.Алтынсариннің 180 жылдық мерей тойларына апталықтар, челендж, ҰОҚ ұйымдастырылды. https://www.facebook.com/profile.php?id=100080247383252https://instagram.com/nursaya2929?igshid=YmMyMTA2M2Y= сілтемелер арқылы көруге болады.

Жалғанды №7 папка

3.Заттық-кеңістіктік дамытушы орта. Заттық-кеңістіктік дамытушы орта ұйымдастыруда қауіпсіздік шаралары алынған, ойын шкафтары бекітілген, өткір бұрыштары арнаулы жұмсақ қатырмалармен көмкерілген. Бала бойы жететін, жас ерекшеліктеріне сай жабықталған. Сюжетті рөлді ойындар «Аурухана», «Тігінші», «Отбасы», «Шаштараз», «Дүкен», «Театр», зерттеу т.б орталықтар ұйымдастырылған. Баланың жас ерекшеліктеріне сәйкес қарапайым пазлдар, қозғалмалы ойыншықтар, қимылды ойындарға қажетті құралдар, оның ішінде ірі және ұсақ мотериканы дамытатын ойын құралдары, жұмсақ модульдер, қол еңбегіне арналған құралдар мен ойыншықтар, театрландырылған ойынға арналған жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар, дамытушы модульдер, күрделі пазлдар, құрастырылатын ойыншықтар, сауат ашу, алғашқы математикалық ұғымдарды игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріптері, сөздер, кестелермен қамтылған. Жалпы дамытушы ортаның ұйымдастырылуы баланың ойыншықтарға еркін қолжетімділігімен өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыруға мүмкіндік жасалған. Топтардағы табиғат бұрыштарында бағдарлама бойынша гүлдер бар. Серуенде балалалармен табиғатты бақылаумен еңбек қызметін ұйымдастыруға арналған құрал жабдықтармен қамтылған. Бала тілін дамыту, ерте жастан кітапқа деген қызығушылықты ояту мақсатында ертегілер бұрышы жасақталған.

Жалғанды **№8 папка** видео материал.

4.Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқыту.

Бөбекжай-бақшада 1 толық жүктememен психологУтепова Лариса Сағынбайқызы қызмет атқарады. Білімі-жоғары. Мекемедегі психологиялық климат жайлы. Психолог балалармен, қызметкерлермен, ата-аналарға арналған тренингтер ұйымдастырады. Кабинетте қол, саусақ моторикасын дамытуға арналған ойыншықтар, құм терапиясына, су терапиясына, ертегі терапиясына арналған бұрыштар бар

Балабақшаға жаңадан қабылданған балалардың ата-аналарымен баланың бейімделуі және жаңа ортада тез үйренісуіне психолог жоспар жасап, ата-анаға кеңес беріп отырған. Whats App мессенджеры, Facebook желісінде ата-аналарға үнемі кеңестер беріп, баланың дамуына арналған ойын түрлерін ұйымдастырды.2021-2022 оқу жылына арналған жылдық жоспары жалғанды.

Отбасы жағдайының қорытындысы

№	Оқу жылы	Барлығы	Толық емес	Толық емес (%)	Көпбалалы отбасы	Көпбалалы отбасы (%)
1	2021-2022	629	24	3,8	83	13,1
2	2020-2021	304	18	5,9	90	29,6
3	2019-2020	385	20	5,1	87	22,5
4	2018-2019	443	36	8,1	66	14,8
5	2017-2018	539	14	2,5	125	23,1

Бөбекжай-бақшада дефектолог Саматова Әйгерім Саматқызы, логопед Нұрсұлтанова Мөлдір Нұрланқызы қызмет атқарады. Білімдері –жоғары.

Жалғанды №9 папкада

5. Тәрбиеленушілердің даму мониторингі

Жалғанды 10 папкада мектепалды даярлық топтарының даму мониторингі

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптар:

МДТО ҰОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкес және сақталған.

Кіші топ

Білім беру салалары	Ұйымдастырылған оқу қызметі	ҰОҚ сағат саны	Апта саны	Жалпы жүктеме
«Денсаулық» - 3	Дене шынықтыру	3	36	108 сағат
«Қатынас» - 1	Сөйлеуді дамыту	0,5	36	18 сағат
	Көркем әдебиет	0,5		18 сағат
«Таным» - 2	Сенсорика	0,5	36	18 сағат
	Құрастыру	0,5		18 сағат
	Жаратылыстану	1		36 сағат
«Шығармашылық» - 3	Сурет салу	1	36	36 сағат
	Мүсіндеу	0,25		9 сағат
	Жапсыру	0,25		9 сағат
	Музыка	1,5		54 сағат
«Әлеумет» - 0	-	-	-	-
Кіші топ балаларының апталық оқу жүктемесінің көлемі		9	36	324 сағат

Ортаңғы топ

Білім беру салалары	Ұйымдастырылған оқу қызметі	ҰОҚ сағат саны	Апта саны	Жалпы жүктеме
«Денсаулық» - 3	Дене шынықтыру	3	36	108 сағат
«Қатынас» - 2	Сөйлеуді дамыту	1	36	36 сағат
	Көркем әдебиет	0,5		18 сағат
	Орыс тілі	0,5		18 сағат
«Таным» - 2,5	Математика негіздері	1	36	36 сағат
	Құрастыру	0,5		18 сағат
	Жаратылыстану	1		36 сағат
«Шығармашылық» - 3	Сурет салу	1	36	36 сағат
	Мүсіндеу	0,25		9 сағат
	Жапсыру	0,25		9 сағат
	Музыка	1,5		54 сағат
«Әлеумет» - 0,5	Қоршаған ортамен танысу	0,5	36	18 сағат

Ортаңғы топ балаларының апталық оқу жүктемесінің көлемі	11	36	396 сағат

Ересек топ

Білім беру салалары	Ұйымдастырылған оқу қызметі	ҰОҚ сағат саны	Апта саны	Жалпы жүктеме
«Денсаулық» - 3	Дене шынықтыру	3	36	108 сағат
«Қатынас» - 2,5	Сөйлеуді дамыту	1	36	36 сағат
	Көркем әдебиет	1		36 сағат
	Орыс тілі	0,5		18 сағат
«Таным» - 2,5	Математика негіздері	1	36	36 сағат
	Құрастыру	0,5		18 сағат
	Жаратылыстану	1		36 сағат
«Шығармашылық» - 3,5	Сурет салу	1	36	36 сағат
	Мүсіндеу	0,5		18 сағат
	Жапсыру	0,5		18 сағат
	Музыка	1,5		54 сағат
«Әлеумет» - 0,5	Қоршаған ортамен танысу	0,5	36	18 сағат
Ересек топ балаларының апталық оқу жүктемесінің көлемі		12	36	432 сағат

Мектепалды даярлық тобы

Білім беру салалары	Ұйымдастырылған оқу қызметі	ҰОҚ сағат саны	Апта саны	Жалпы жүктеме
«Денсаулық»-3	Дене шынықтыру	2,5	36	90 сағат
	Қауіпсіз мінез-құлық негіздері	0,5		18 сағат
«Қатынас»-5	Сөйлеуді дамыту	1	36	36 сағат
	Көркем әдебиет	1		36 сағат
	Сауат ашу негіздері	2		72 сағат
	Орыс тілі	1		36 сағат
«Таным»-2,5	Математика негіздері	1	36	36 сағат
	Құрастыру	0,5		18 сағат
	Жаратылыстану	1		36 сағат
«Шығармашылық»-5	Сурет салу	1	36	36 сағат
	Мүсіндеу	1		36 сағат
	Жапсыру	1		36 сағат
	Музыка	2		72 сағат
«Әлеумет»-1,5	Өзін-өзі тану	1	36	36 сағат

	Қоршаған ортамен танысу	0,5		18 сағат
Мектепалды даярлық топ балаларының апталық оқу жүктемесінің көлемі		17	36	612 сағат

Психикалық дамуы тежелген топ

Білім беру салалары	Ұйымдастырылған оқу қызметі	ҰОҚ сағат саны	Апта саны	Жалпы жүктеме
«Денсаулық» - 3	Дене шынықтыру	2.5	36	90 сағат
	Қауіпсіз мінез-құлық негіздері	0.5		18 сағат
«Комунакация»-4	Сөйлеуді дамыту	1	36	36 сағат
	Көркем әдебиет	0,5		18 сағат
	Сауат ашу негіздері	1		36 сағат
	Орыс тілі	1		36 сағат
	Драма	0,5		18 сағат
